

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021ж. 21 сәуірде жәрияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А. Ұ. Маминге**

### Депутаттық сауал

#### **Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету – елдің ұлттық қауіпсіздігінің стратегиялық міндеті. Мұны Мемлекет басшысы 26 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында атап өтті.

Осы салада қабылданып жатқан шараларға қарамастан, елдегі су проблемасы жыл сайын күрделене түсуде. Өзендер ағысының қысқаруы және көлдердің кебуі, тұщы судың ұзақ мерзімді қорлары – мұздықтар мен мәңгі тоңның еруі, жер асты бассейндердің қарқынды ластануы байқалады. Бұл мәселелер Су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жобамен қамтылуға тиіс екені сөзсіз.

Осы уақытқа дейін өзінің жүйелі шешімін таппаған сектордың негізгі проблемаларына ерекше тоқталғым келеді.

Біріншіден, **су ресурстарын басқарудың мемлекеттік жүйесінің бытыраңқылығы мен фрагментациялануы сақталуда.** Бүгінде су мәселесімен 8 министрлік, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының компаниялары айналысады. Атап айтқанда, су қорын пайдалану саласындағы саясатпен ЭГТРМ, мелиорациямен – АШМ, тарифтерді қалыптастырумен және экономика салаларын сумен қамтамасыз етумен – ҰЭМ, сумен жабдықтау және су бұруды үйлестірумен – ИИДМ, трансшекаралық өзендермен – ЭГТРМ және

СИМ, ірі СЭС-ті басқарумен-Самұрық – Энерго, жерасты суларын барлау мен қайта бағалаумен – әкімдіктер айналысады. Су ғылыми орталықтары БҒМ мен АШМ-ге тиесілі. Осылайша, су саясатын жүзеге асыруға 172 құрылымдық бөлімше мен ұйым тартылған.

Бұл ретте оны үйлестіру жоқ. Су секторының ерекшеліктерін ескере отырып, жауапкершілікті бөлу әрқашан қисынды бола бермейді. Мысалы, Ақтөбе облысындағы «Көкжиде» жер асты суларының стратегиялық кен орнын қайта бағалаумен табиғат пайдалану басқармасы емес, облыс әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы айналысады, алайда Көкжиде алқабы Ембі, Темір және Атжақсы өзендерінің есебінен қоректенеді. Басқа сөзбен айтқанда, «Көкжиде» ауызсу түріндегі экожүйелік қызметтерді ұсынатын күрделі су экожүйесі емес, тек ауызсу қоры ретінде ғана қарастырылып жатыр. Бұл ресурсты түсінушіліктің жоқтығын көрсетеді.

Суды басқарудың қалыптасқан күрделі полицентрлік жүйесі мемлекеттік аппаратты проблемалардың себептерін шешуге емес, салдарларын жоюға назар аударуға мәжбүр етеді. Мұндай жағдай болашақта азық-түлік қауіпсіздігінің төмендеуіне, жанжалдарға және халықтың көші-қонына әкелуі мүмкін.

Екіншіден, **бүгінде салада су мамандарының тапшылығы байқалуда.** Мысалы, депутаттармен трансшекаралық су бөлу мәселелері бойынша шектес мемлекеттермен келіссөз позициямызды нығайту туралы мәселе бірнеше рет көтерілген болатын. Алайда, мәселе су дипломатиясы саласындағы келіссөз жүргізуші мамандардың тапшылығына тіреліп отыр.

Білім мен тәжірибе жинақталған бірнеше ғылыми институттар материалдық-техникалық қамтамасыз ету проблемаларын бастан кешіруде. Мәселен, су саласындағы жабық сипаттағы жобаларды жүзеге асыратын және Қытаймен су жөніндегі келіссөздерді сараптамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін жалғыз География және су қауіпсіздігі институты бірнеше жылдан бері өзінің жеке ғимараты мәселесін шеше алмай келеді.

Ресурстың стратегиялылығына сәйкес келетін жұмысты қалыптастыру, сондай-ақ су саласында барабар сарапшылық және ғылыми базаны құру үшін біз қазіргі пандемиямен тең келетін апатты күтпеуіміз керек.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде саланың өзекті мәселелерін дайындалып жатқан Су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде шешуді қарастыру маңызды деп санаймын.

Біріншіден, **су саясатын шоғырландыру және су экожүйелерінің біртұтастығын ескере отырып, су ресурстарын басқару жүйесін оңтайландыру қажет.** Бұл ретте осы кешенді және маңызды мәселенің шешімін бір министрлікке немесе бір әкімдікке аударуға болмайды.

Екіншіден, әсіресе су дипломатиясы саласында және басқа да сұранысқа ие мамандықтар бойынша **су мамандарын даярлауды** және олардың келіссөз процестеріне қатысуын қамтамасыз ету.

Үшіншіден, су ғылыми орталықтарын тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесін шешу.

Су қауіпсіздігі мәселесі мемлекеттік саясаттың басымдақтарына сөз жүзінде емес, іс жүзінде айналуы тиіс.

Қабылданған шаралар бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте жазбаша нысанда жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,  
Депутат, «NUR OTAN» партиясы  
фракциясының мүшесі**

**З. Сүлейменова**

*Орын.: Төлеуов А.  
Тел.: 74-64-14, +77775339999  
toleuov@parlam.kz*



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Оглашен 21 апреля 2021г.

**Премьер-Министру  
Республики Казахстан  
Мамину А.У.**

### Депутатский запрос

#### Уважаемый Аскар Узакпаевич!

Обеспечение водной безопасности – стратегическая задача национальной безопасности страны. Это было отмечено Главой государства в ходе расширенного заседания правительства 26 января.

Несмотря на принимаемые меры в этой сфере, проблема воды в стране усугубляется с каждым годом. Наблюдается обмеление рек и высыхание озер, таяние долгосрочных запасов пресной воды – ледников и вечной мерзлоты, интенсивное загрязнение подземных бассейнов. Несомненно, эти вопросы должны быть охвачены Национальным проектом по управлению водными ресурсами.

Особо хочу остановиться на ключевых проблемах сектора, которые до этого времени не находят своего системного решения.

Во-первых, **сохраняется раздробленность и фрагментированность государственной системы управления водными ресурсами.** Сегодня вопросами воды занимаются 8 министерств, местные исполнительные органы, а также компании фонда национального благосостояния «Самрук-Казына». В частности, политикой в области использования водного фонда занимается МЭГПР, мелиорацией – МСХ, формированием тарифов и водообеспечением отраслей экономики – МНЭ, координацией водоснабжения и водоотведения – МИИР, трансграничными реками – МЭГПР и МИД, управлением крупными ГЭС – Самрук-Энерго, разведкой и переоценкой подземных вод – акиматы.

Водные мозговые центры относятся к МОН и МСХ. Таким образом, 172 структурных подразделения и организации вовлечены в осуществление водной политики.

При этом отсутствует её координация. Разделение ответственности не всегда логично с учетом особенностей водного сектора. Например, переоценкой стратегического месторождения подземных вод «Кокжиде» в Актюбинской области занимается управление энергетики и ЖКХ областного акимата, а не управление природопользования, хотя «Кокжиде» питается за счет рек Эмба, Темир и Атжаксы. Иными словами, «Кокжиде» рассматривается в качестве исключительно резерва питьевой воды, а не в качестве сложной водной экосистемы, которая предоставляет экосистемные услуги в виде питьевой воды. Это свидетельствует об отсутствии понимания ресурса.

Сложившаяся сложная полицентричная система управления водой ведет к тому, что государственный аппарат вынужден фокусироваться на устранении следствий, а не на решении причин проблем. Подобный расклад может привести к снижению продовольственной безопасности, конфликтам и миграции населения в будущем.

Во-вторых, **отрасль сегодня испытывает острый дефицит специалистов-водников.** Например, не раз депутатами поднимался вопрос об укреплении переговорных позиций с сопредельными государствами по вопросам трансграничного вододеления. Однако проблема упирается в нехватку специалистов-переговорщиков в области водной дипломатии.

Немногочисленные научные институты, в которых накоплены знания и опыт, сталкиваются с элементарной проблемой материально-технического обеспечения. Так, Институт географии и водной безопасности, единственный, который осуществляет проекты закрытого характера в области воды и обеспечивает экспертное сопровождение переговоров по воде с Китаем, уже несколько лет не может решить проблему с собственным зданием.

Мы не должны ждать катастрофы, сравнимой с нынешней пандемией, чтобы наконец-то выстроить работу, соответствующую стратегичности ресурса, а также сформировать адекватную экспертную и научную базу в области воды.

На основании вышеизложенного, считаю необходимым в рамках разрабатываемого Национального проекта по управлению водными ресурсами решить острые проблемы отрасли.

Первое, **консолидировать водную политику и оптимизировать систему управления водными ресурсами** с учетом единости водных экосистем. При этом нельзя перекладывать решение этого комплексного и важного вопроса на одно министерство или один акимат.

Второе, **обеспечить подготовку специалистов-водников**, особенно в области водной дипломатии и по другим востребованным специальностям, и обеспечить их встраивание в переговорные процессы.

**Третье, решить проблему адекватного материально-технического обеспечения водных мозговых центров.**

Вопрос водной безопасности должен стать приоритетом государственной политики не на словах, а на деле.

Прошу дать ответ о принятых мерах в установленном законодательством порядке в письменной форме.

**С уважением,  
Депутат, член  
фракции партии «NUR OTAN»**

**З. Сулейменова**

*исп: Төлеуов А.  
Тел.: 74-64-14, +7775339999  
toleuov@parlam*